

ҚЫЗ ЖІБЕК



КҮЛІЗ





ЖІБЕК



Алматыкітап баспасы 2019





УДК 398
ББК 82.3 (5 Қаз)
Қ 81

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жалпы білім беретін
мектептің оқу-тәрбие үрдісінде пайдалануға ұсынады

Жырдың прозалық нұсқасын жасаған **Әлібек ФАЙЗУЛЛАҰЛЫ**

Қ 81 Қыз Жібек: Эпос. – Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2019. – 72 бет, суретті.

ISBN 978-601-01-3833-9

Қазақ поэзиясының әліппесі саналатын «Қыз Жібек» жыры ең алғаш 1894 жылдар шамасында Қазанда бастырылған. Кейін жырдың толықтырылған түрі 1896, 1905, 1909, 1911 жылдары Қазанда Хұсайыновтар баспасынан жарық көреді. Бертін келе, 1925 жылы жырдың қазір айтылып жүрген нұсқасын қазақтың ауыз әдебиетін жинаушы Әбубәкір Диваев Ташкентте бастырады. Одан соң аталмыш туынды 1933 жылы Қызылордада, 1939 жылы Алматыда «Батырлар жыры» жинағына енгізіледі.

Ұсынылып отырған кітапта «Қыз Жібек» жырының прозалық нұсқасы беріліп отыр. Бұл жас оқырманға ұлтымыздың мақтанышына айналған ауыз әдебиетіміздің інжу-маржандарын жете бағалап, тереңірек түсінуіне жан-жақты мүмкіндік туғызбақ.

Кітап мектеп оқушылары мен мұғалімдерге, ата-аналарға, сондай-ақ көпшілік қауымға арналған.

УДК 398
ББК 82.3 (5 қаз.)

ISBN 978-601-01-3833-9

© Жырдың прозалық нұсқасын жасаған Файзуллаұлы Ә., 2013
© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2013
© Дүзелханов А., 2013

Мен қазақтың жыршысы, сөзіме құлақ салыңыз, бір әңгіме бастайын!..

Желбегей шапанын жүре жамылып, шаршы топтың ортасына шыққан арқалы жыршы қос ішекті домбырасын қағып-қағып жіберген сәтте жиналғандар тұс-тұстан кеу-кеулей жөнеледі.

– Ой, бәрекелді, өркенің өссін!..

– Рақмет, айналайын, өнерің өрге бассын!..

– Құлағымыздың құрышын бір қандыршы, замандас!..

Көпшіліктің осынау қолпаштау сөздерінен кейін томағасы сыпырылған қырандай екі иығын қомдап, жұтынып шыға келген жас жыршы жан серігі – домбырасын құйқылжыта шертіп-шертіп қалады. Сол-ақ екен жез таңдай жыршының күміс көмейінен ақтарылған жыр тасқыны жөңкіліп берсін... Айнала тым-тырыс. Жұрт құлақтан кіріп, бойды алған нәрлі сөздің құдіретіне ұйып қалғандай...

Әлқисса, енді сол сөз өнері иесінің аузынан шыққан хикаяға құлақ түрелік.

Сонау ерте заманда, дін мұсылман аманда, Кіші жүздің ішінде Жағалбайлы деген ел болыпты. Жағалбайлының Ақ теңіз деген көлі, Ұлан, Шамбіл деген бел-белесі бар екен. Жағалбайлы елі жазда Қара теңіз жағалауын қоныстаныпты.

Өсіп-өркендеген осы елде есімі шартарапқа әйгілі Базарбай атты бір мыңғырған бай өмір сүріпті. Оның байлығының есеп-қисабы жоқ болса керек. Тек ділдәсі мен жамбысының өзі жеті жүз түйеге, қант-шайы мың түйеге жүк болғандай екен. Ал аяқты малдың санын тіпті ешкім де білмеген. Сол өңірдегі сай-саланың барлығы Базарбайдың төрт түлік малына толыпты.

Соншалық мал-мүлікпен жарылқаған Тәңірім әкенің орнын басар ұрпаққа келгенде де таршылық етпепті. Бай өзінің некелі үш әйелінен тоғыз ұл сүйіпті. Сөйтіп, асып-тасыған молшылыққа, ер жетіп келе жатқан өрімдей-өрімдей ұлдарына көңілі марқайған отағасы ерекше бір мамыражай күй кешіпті.

Алайда «Қырсық қыр астында» дегендей, тұнығы шайқалмастай, көңілі ортаймастай көрінген Базарбайдың басына да күндердің күнінде қара бұлт түйіріледі. Сол кездері елге келген оба дерті байдың ақ шаңқан еңселі ордасын да түйреп өткен еді. Бір күннің ішінде

тоғыз ұлынан қатар айрылған Базарбай бірден бүк түсіп жатып қалады. Көңілі құлазып, жаны күйзеледі. Ұшан-теңіз байлығымен балаларының ажалына араша тұра алмағанына күйінеді...

Дегенмен де бос белбеу, әлжуаз жаның Базарбай емес екен, қазадан кейін көп ұзамай-ақ өз-өзіне келеді. Бойын тіктеп, қайғы-шердің бәрін сілкіп тастайды. Айтқанын істетіп, сұрағанын алып үйренген ол ендігі жерде тағдырмен теке тіреске түсуге бел буады. Сөйтіп, жасының біразға келіп қалғанына қарамастан және алты әйел алады. Содан Базекең сексен жасқа жеткен шақта ең кіші тоқалы бір ұл туып береді.

Қараған кісінің көзі тоймастай сүп-сүйкімді баланың атын Төлеген қояды. Өшкені жанып, өлгені тірілгендей күй кешкен қарт әкенің қуанышында шек жоқ-тын. Алыс-жақын туыс-жекжатты, дос-жаранды түгел жиып, кедей-кепшікті де қатардан қалдырмай үлкен той жасайды. Ат жарыстырып, палуан күрестіріп, бәйге береді. Бұл тойдың өзге тойлардан бір ерекшелігі, мұнда жеңген де, жеңілген де мол сый-сияпатқа кенеледі. Тегі «ақ түйенің қарны жарылды» деген осындайда айтылатын болса керек.

Өсе келе Төлегеннің айрықша сымбаттылығы айқындала түседі. Қатар-құрбыларының арасында ойнап жүргенде нұрлы жүзі алаулап, өзгелерден шоқтығы биік тұрар-ды. Баласының түр-сипатына, ерекше жаратылысына көңілі толған Базарбайдың жаны жайланып, іштегі қайғы-шерін біртіндеп ұмыта бастайды.

«Ақ ордамның ертеңгі иесі – мұрагерім бар», – деп еңсесін көтерген Базекең кейін араға тоғыз жыл салып және бір ұл сүйеді. Барды місе тұтқан болып, өзін-өзі алдаусыратқанмен де «Жалғыздың аты – жалғыз ғой!..» деп Төлегеннің жалқы екендігін ойлап, ауық-ауық шерменде күй кешетін ол бұған қатты қуанады. Тағы да жұртты жиып, ұлан-асыр той жасайды. Ауыл-аймақ түгел басқосқан шілдехананың үстінде баланың есімін Сансызбай деп атайды.

Туабітті басынан сөз асырып көрмеген, кейін байлыққа қолы жеткесін ойына алғанын бұлтақсыз орындатып келген Базарбай еркіндік дегеннің не екенін жақсы түсінетін. Сондықтан да жерге шыр етіп түскен нәресте ұлға қыз айттырып, бесік құда болып жататын ата дәстүрін бұзып, екі баласына да қалыңдық таңдауда еркіндік береді.

Базарбайдың бұл шешімі елдің арасында гу-гу сөз тудырады. Дұшпандары қыздың қалың малын төлеуге дүниесін қимай отыр деп өсектесе, көңіл жықпас жақындары баба салтына қарсы шығу дұрыс емес қой деп, оны ұялтпақ болады. Бірақ екі сөйлеуді білмейтін Базекең бастапқы айтқанынан еш қайтпайды. «Менің құда түскен қызым кейін олардың көңілінен шықпай жүрсе, өкініші жаман ғой. Сол үшін де қалыңдық таңдауды балаларымның өз еркіне саламын. Егер Төлегенім мен Сансызбайым патшаның қызын алам десе де оған малым жетеді!» – деп ешкімнің тіліне ілеспейді.

Ел арасында осындай алып-қашпа сөздер желдей есіп жүргенде Төлеген он екі жасқа толады. Бойын түзеп, ойы қызға ауған ол енді өзіне қалыңдық іздеуге шығады.

Періштедей нұрлы жүзді Төлегеннің талғамы да тым жоғары болатын. Өкінішке қарай, ат тұяғы жетер жерді түгел шарлағанмен лайықты қыз таба алмай әбден пұшайман халге түседі. Сәмбі талдай сыланған небір сұлу бикештерің бозбаланың көңілінен шықпай жолда қалады.

Осылайша жүрек қалауын таңдап жүріп, Төлеген он алтыға келеді. Сол уақыттарда ел аралап, сауда-саттықпен айналысқан бір саудагер бұлардың жайын естіп, Базарбайды келеке-мазаққа айналдырады.

– Соншалық мал-мүлкі болатұра, баласына қалыңдық тауып бере алмай жүрген бұл қандай бай?! Әсте, Шықбермес Шығайбайдың дәл өзі-ау! Әйтпесе, қалың малын келістіріп төлесе, хордың қызын айттыруға болады емес пе!.. – деп кеңк-кеңк күледі.

Мұны естіген бір адам:

– Жоқ, мәртебелім, сен мүлдем қателесіп тұрсың! Баласынан малын аяп отырған Базарбай жоқ, мәселе жігіттің өзінде. Базарбайдың Төлегені осы өңірдегі қыздардың ешқайсысын ұнатпай жүр! – деп мән-жайды түсіндіреді.

Жер-жаһанды армансыз аралап, талай-талай елді көрген саудагер бұл сөздерді естіген сәтте ойға батады. «Апырау, Төлеген мырзаның талғамына татитын қызды қайдан көрдім мен осы?! Оу-у, айтпақшы, Ақжайық ше?! Иә-иә, Төлегенге тең келер қыз Ақжайықта!..» Өзінің қателесуі мүмкін емес екеніндігіне сенімі мол саудагер тезірек Төлегенмен кездесуге ниет етеді.

Көп кешікпей жүздесудің сәті де түседі. Бірінші болып сөз бастаған саудагер:

– Өмір бойы сауда-саттықпен айналысқан менің ненің құнды, ненің құнсыз екенін еш қапысыз ажырата алатындығыма, әсте, шүбә келтірмессіз, мырзам?! – дейді алыстан орағытып.

– Әрине, заттарды дұрыс бағалай білу, ол сіздің кәсіби қабілетіңізге байланысты болса керек! – дейді Төлеген оны талассыз қостап.

– Оныңыз рас, бірақ мен тек заттарды ғана емес, кімнің кім екенін де дәл ажырата білетінім бар... – дейді саудагер жұмбақтай сөйлеп.

Сөз төркінін жете түсінбей қалған Төлеген:

– Сонда қалай?! – дейді мән-жайды толығырақ естуге ынтығып.

Өз сөзінің тап ойындағыдай әсер ете бастағанын байқаған саудагер:

– Мәселенки... – дейді негізгі әңгімеге көшіп. – Мәселенки, мырзам, менің білетінім, сізге пара-пар келетін қыз бұл аймақта атымен жоқ!..

– Ол рас... – дейді Төлеген саудагердің байқампаздығына сүйсініп. – Осы өңірден лайықты қалыңдық таба алмай жүргеніме бақандай төрт жыл болды...

– Ендеше сүйінші!.. – дейді саудагердің көздері жайнап. – Сүйіншімді әзірлей беріңіз, мырзам, сізге қалыңдық табылып тұр!..



– Жә, сүйіншіден қашпаспын!.. – дейді Төлеген елеңдеп. – Тек ол кім?! Тұрағы қайда?!

– Тұрағы – Ақжайық! Елі – Алты Шекті! Шектінің таңғажайып бір сұлуы өзіңізге бұйырып тұр!.. – Саудагер одан сайын еліктіре түседі.

– Ақжайық дейсіз бе? Бұрын естімеген елім екен... – Төлеген ойланып қалады. – Сонда жолы неше күндік жер?

– Шамамен жүз... не бары жүз-ақ күн! – дейді саудагер тап бір иек астында тиіп тұрған жердей. – Тіпті бұдан гөрі қысқарақ, жетпіс күншілік төте жолы да бар. Бірақ ол өте қауіпті... Қырық күндей мидай шөл даламен жүру керек...

– Иә, Ақжайығыңыз қол созым жерде тұр ғой деуге келмейді екен...

– Оныңыз рас, жақын жер емес... Бірақ баруға тұратын жер! Онда сізді қиялыңызда жүрген айдай сұлу бойжеткен тосып отыр!..

Саудагердің сеніммен айтқан, сендіре айтқан сөздері Төлегенді тіпті қанаттандырып жіберген еді. Әсіресе, оның «Біз, саудагерлер, сона-а-у жер түбінде керемет бір тауар бар екен дегенді естісек, соны қолымызға түсіргенше айлап, жылдап үй бетін көрмей мұхит асып кетуге әзірміз. Ал бұл оның қасында адам ғой, адам!.. Өмірлік жарың!» деген уәжі жолдың қиындығын да ұмыттырып тастағанды. Бар есіл-дерті тезірек Ақжайыққа жету. Тезірек бейтаныс арумен табысу...

Ақжайыққа аттануға көңілі құлай кеткен Төлеген саудагердің сүйіншісіне үш жорға беріп, шығарып салған соң дереу жолға жиналады. Алыс жолдың ауыр екенін, азапты екенін біле тұра тәуекелге бел буады.

Өзі жорға, өзі жүйрік бір қара көк тұлпарды жеделдетіп жаратуға қояды. Аттың төрт аяғын күміспен тағалатып, ер-тұрманының барлығын алтындатады. Басшысы бар, қосшысы бар қиындыққа қайыспайтын, төзімді-төзімді деген жүз жігітті қасына ертуге әзірлейді.

Осылардың бәрі дайын болған кезде тоғыз нарға алтын-күмісін, қырық түйеге азығы мен қант-шайын артып, он жеті жасар Төлеген Ақжайықты бетке алып, жолға шығады. Бұл айналадағы жасыл желек бүршік жарып, сай-саладағы мөлдір бұлақтар бұлаңдай аққан наурыз айы еді.

Әлқисса, Төлегеннің сапары туралы хабарды естіген анасы баласының артынан қуып жетіп, жолын бөгейді.

– Қарағым-ау, сенің бұның не, қарт ата-ананды жалғыз тастап, қайда кетіп барасың?! Сансызбай болса әлі жас, біз кімді арқа тұтпақпыз?! Осыдан айтқан тілімізге көнбей дос-дұшпанға таба қылып, алған бетіңнен кері қайтпасаң, бізді тірідей өлтіргенің! Әкең екеуміз екі дүниеде де саған риза болмаймыз!.. – деп кейуана көзінің жасын төгіп-төгіп жібереді.

Атынан түсіп, зар илеген анасының кеудесіне басын қойған Төлеген:

– Қой, анашым, жылап жаман ырым бастамаңыз!.. Мен кетсем, қалыңдық іздеп тапқан соң, елге қайтып ораламын ғой!.. Сондықтан



соған бола дүрлігіп, қара түнекті төндірудің қажеті қанша?! – деп өз ісінің тігісін жатқызбақ болады.

Алайда ұлының сөзін қос көрмеген қария:

– «Соған бола...» дедің-ау, құлыным... Бірақ ел-жұрт тап осыңды – бір қыз үшін ата-анаңнан безіп, айдалаға лаққаныңды келеке-мазаққа айналдырып жатқан жоқ па!.. Сол үшін әлі де ойлан, балам, жат жерде «тентіреген келімсек» атанғанша, осы жерден кері қайтқаның жөн шығар!.. – деп өз байламын жеткізеді.

Өкінішке қарай, оған тоқтайтын ұл көрінбейді.

– Айналайын анашым, талап қылған ісімнен ат басын кері бұрсам, менің кім болғаным?! Ерлердің екі сөйлегені — өлгені емес пе?! Ал мен «тірі өлік» атанғым келмейді! Не де болса, осы сапарда пешенеме жазылғанын көремін. Сондықтан тілімізді алмай кетті деп налымаңыздар. Мен Жайықтан оралғанша әкем екеуіңізді бір Құдайға тапсырдым! Жаратушымыз аман-есен жүздесуге жазсын!.. – деп, Төлеген өзінің түпкі шешімін бүкпесіз айтып салады.

Баласының алған бетінен қайтпасына көзі жеткен кейуана көзінің жасын тыйып, ақылға келеді.

— Айналайын Төлешім, артыңда қалған Сансызбай інің ойын қуған жас болғанмен, әке-шешен таяқ сүйенген қарт болғанмен ел ішінде отырмыз ғой, бір күнімізді көрерміз-ау!.. Біздің бар уайымымыз өзің болып тұрсың... Бала күннен алуа асап, бал ішкен, жая шайнап, жал жеген... не ішемін, не киемін деместен емін-еркін өскен сенің күнің не болмақ?! – деп күпті көңілін жасырмаған қамқор ана пайым-кеңесін де қоса ескертеді. – «Өлкенің көркі – тал, өзеннің көркі – жар, жігіттің көркі – мал» деген, қарағым, малың болса қара басыңды хан сайлар. Сондықтан анық кетуді ұйғарсаң, үйірдегі жылқыдан таңдап-таңдап қырық жорға ал, қажетіңе жарап қалар.

Қатуланып келіп, қамқоршысына айналған шешесіне риза болған Төлеген тізерлей отыра кетіп:

— Рақмет, анашым, жанымды түсініп, тығырықта демей білгеніңіз үшін рақмет! – деп басын ие тағзым етеді.

Сонда шешесі тұла бойы тұңғышы Төлегеннің басынан емірене сипап тұрып, баласының жолын тілей Жаратушы Тәңірге, әулие-пайғамбарларға былай деп мінәжат етеді:

Кетер болсаң, қарағым,
Әуелі Құдай, мен сені
Кәміл пірге тапсырдым.
Көл иесі, Қамбар-ау,
Шөл иесі, Қамбар-ау,
Қарағыма көз сал-ау.
Рақым қылсаң Құдая,
Сенен өзге кім бар-ау?!
Ғашықтардың пірі едің
Ләйлі-Мәжнүн сен бар-ау,
Ғашықтардың саруары
Зылиха-Жүсіп пайғамбар,



Әйелдің пірі Бибі Бәтима
Баламды саған тапсырдым.
Адасса жолға салып жүр,
Сүрінсе қолдап алып жүр,
Пәлекет келсе қағып жүр,
Қосақтап қойдай бағып жүр.
Бір ғашықтың дертінен
Қарағым менің күйіп жүр.
Хазірет ер Сұлтан
Рақым қылып сен тұрсаң
Баба түкті Шашты Әзиз
Баламды саған тапсырдым...

Қолын көкке жая тілек-дұғасын аяқтап, бетін сипаған шырақшы ана қайта-қайта Төлегеннің маңдайынан сүйіп, қоштасып болған соң кері қайтып кетеді.

Шешесі кеткесін Төлеген қасындағы жігіттерден:

– Анамның маған не айтқанын аңғардыңдар ма? – деп сұрайды.

Бір-біріне аңтарыла қараған жігіттер:

– Жоқ, біз еш нәрсе байқамадық... – деп жауап қайтарады.

– Ал, меніңше, анам ол жаққа көп жігіт ертіп баратындай не кіреші, не болмаса жортуылшы емес екенімді ескерткен сияқты... Сондықтан оның өсиетін орындау үшін біз қазір кері ораламыз, – деп Төлеген астарлы сөздің мәнісін түсіндіреді.

Сөйтіп, шұғылартқа қайтқан Төлеген сақадай сайланып шыққан қарулы нөкерлерін елінде қалдырып, қасына тек қосшыларын ғана ертеді. Есесіне, шешесі айтқан қырық жорғаны әлденеше рет еселеп, жылқыдан екі жүз елу жорға алады.

Содан тоқтаусыз апталап, айлап жол жүріп отырып, Шекті еліне жетеді. Табиғаты тамылжыған, сулы да нулы жер сырт кісілеріне қатты ұнайды. Ауылдың шетіне шатырларын тігіп, жорғаларын өріске жібереді.

Бірер күн тынығып, айналасындағы ел-жұртпен араласып, біраз үйреніскен соң Төлеген негізгі шаруасына кіріскенді жөн көреді. Жан-жаққа қосшыларын жіберіп, «Әйгілі байдың ұлы – Базарбайдың Төлегені өзіне қалыңдық іздеп жүр. Кімде-кім қызын әкеліп көрсетсе, мырза сол адамға қызды қаласа да бір жорға, қаламаса да бір жорға мінгізеді!» деп хабар таратады.

Базарбайдың байлығына қызыққан жұрт бұған қатты елендеп қалады. Даңқы шартарапқа тараған атақты баймен құда болуды көксеген талайлар қыздарын үкілеп, Төлегеннің алдынан өткізе бастайды.

Екі-үш күннің ішінде қалыңдық таңдаған жігітке екі жүз он қыз көрсетіліп, екі жүз он жорға олардың ата-аналарына үлестіріледі. Алайда солардың бірде-бірі Төлегеннің ойынан шақпайды. Небір сұлу бикештердің өзі жігіттің жүрегін селт еткізе алмаған еді.

Істің насырға шауып бара жатқанын байқаған қосшылар өзара ақылдаса келіп: «Қой, бір амалын істемесек, мына Төлеген малдың

бәрін ада қылатын түрі бар. Осылай жалғаса берсе, қалған қырық жорғаны таусып біткесін, біздің астымыздағы атымызға ауыз салар. Сосын жат жерде жаяу тапырақтап, елге масқара болармыз!.. Сол үшін де қауіптің алдын алып, ендігі келетін қыздарды бірінші өзіміз көрелік. Егер асқан сұлу болмаса, мырзаға көрсетпей-ақ қоялық» деген тұжырым жасайды. Сөйтіп, жігіттер келген қыздардың басым көпшілігін Төлеген отырған шатырға енгізбестен даладан қайтара береді.

Ал Төлеген оңашада «Апырай, сонау саудагердің «Шектінің таңғажайып бір сұлуы өзіңізге бұйырып тұр» дегені жай сөз болды-ау!.. Әйтпесе, ендігі кездесуіміз керек еді ғой...» деп уайымға батады.

Әлқисса, Төлегеннің хабары Қаршыға жыршының құлағына да жетеді. Ол сол Алты Шекті елінің ханы Сырлыбайдың ең сенімді уәзірі болатын. Хан Қаршығаға ерекше сенгендіктен тоғыз мың жылқысын баққан жылқышыларына оны бас-көз етіп қойған-ды.

Өз ісіне адал Қаршыға қайда жүрсе де үнемі Сырлыбайдың қамын жейтін. Әсіресе, ол ханның алты ұлынан кейін дүниеге келген жалғыз қызы – Жібектің жайын көбірек ойлайтын. Табиғатынан ерекше жаратылған сұлу қыз өмірде өз теңін тапса екен деп армандайтын.

Бәлкім, сондықтан да болар, Базарбайдың Төлегені туралы хабарды естіген бойда бірден атқа қонады. «Төлеген мырзаны барып көрейін. Егер жігіт маған ұнаса, Жібекке де ұнар...» деп ойлайды.

Астындағы атын желдіртіп, ойпаң жерден орғытып, жарлау жерден ырғытып, тегіс жерден сырғытып, Төлегеннің қосына жетіп келген Қаршығаны көмекші жігіттер қарсы алады. Сәлемдесіп, амандық-саулық сұрасқан соң Қаршыға:

– Базарбайдың баласы Төлеген мырза қайсың боласың? – деп сұрайды.

«Төлегенге көрсететіндей қасында ертіп келген қызы жоқ, бұл неғылған адам?!» деп секем алған жігіттер, бірден ақтарыла кетпей:

– Ағеке, сіз сұраған Базарбайдың Төлегенін сырттай білуші едік. Әкесінің байлығынан да хабарымыз бар. Бірақ ол мырза біздің арамьызда жоқ, – деп жалтара жауап қайтарады.

– Е-е, онда өздерің кімсіңдер, қайда бағыт ұстадыңдар? – дейді Қаршыға жылы шырай танытып.

«Өтірікті бастау қиын, бастаған соң тастау қиын» демекші, алғашқыда жалған сөйлеп қойғандықтан, әрмен қарай да өтірікті қиыстыруға тура келіп, қосшы жігіттердің ересегі:

– Аға, біз жылқыларымызды жауға алдырып, соларды іздеп шыққан жоқшылармыз. Егер бөтен қылқұйрықтылар көзіңізге түссе, соны айтыңыз, – дейді қай-қайдағы жоқты құрастырып.

– Әттеген-ай, әбден қиналыпсыңдар-ау!.. Бұл дүниеде жоқ іздегеннің машақатынан қиын нәрсе барма?! Мен өзім осындағы ханның жылқышыларына басшылық жасаймын, бірақ бөгде жылқылар көзімізге түспепті, – дейді Қаршыға жанашыр пейілмен.

Келген адамның кездейсоқ біреу емес, ханның қызметшісі екенін білген жігіттер енді сасқалақтай бастайды.